



БАТЫС ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ЖАҢА ТАРИХЫ

2-ТОМ ОРТА ҒАСЫР ФИЛОСОФИЯСЫ

Христиан және мұсылман
ойшылдарының
философиясындағы Құдай





Мақсат – орта ғасырдағы христиан және мұсылман ойшылдарының философиясындағы теологиялық мәселелерді талдау.

Жоспар

Аурелий Аугустиннің түсінігіндегі Құдай болмысы.

Бозэций Құдайдың көрегендігі туралы.

Эриугенаның негативті теологиясы.

Мұсылман-философтар ой толғауларындағы Құдайдың болмысы.

Түйін сөздер

Құдай болмысы, Құдай мәні, Құдайдың атрибуттары, арифметика ақиқаты, этика ақиқаты, адам еркіндігі, Құдай игілігі, Құдайдың жазмышы, Құдайдың көрегендігі.

Аугустин «Ерік еркіндігі туралы» еңбегінің екінші кітабында «Бізді Құдай жаратқанын қайдан білеміз?» деген мәселені көтеріп, Құдайдың бар екенін құрылымды түрде дәлелдеуге тырысады. Оның сұхбаттасы Евод пікірталасты Құдайдың бар екенін Інжіл жазбалары үйреткендей қарапайым діндар тұғырынан бастайды. Ал Аугустин оның сенімге негізделген ұстанымын білімге негізделген ұстанымға айналдырғысы келді. Оның түпкі мақсаты әртүрлі тіршілік иелерінің иерархиясын құру болатын.

Әлемдегі барлық заттарды үш топқа бөлуге болады: тау-тас сияқты сипап-сезу қабілеті жоқ жансыз заттар; мақұлық-жануарлар сияқты зердесі жоқ, алайда сезе алатын тіршілік иелері; тіршілігі, өмірі, зердесі, пайым-парасаты бар адамдар. Сыртқы бес сезімдер мен ішкі сезімдер – жануарлар мен адамдарға ортақ қасиет. Осы сезімдер арқылы жануарлар басқа сезімдердің әрекетінен хабардар болады және солардың арқасында рақаттану мен ауру сезімін ажырата алады. Бірақ біздегі ең жоғарғы нәрсе – «жанымыздың көкірек көзінің бар болуы».

Әртүрлі қасиеттерді иерархиялық жүйеде орналастыра аламыз: ішкі сезім сыртқы сезімдерге қарағанда басым, ал ақыл ішкі сезімнен басым келеді. Оның себебі мынада: «А» «Б» туралы шешім қабылдаса, демек бұл «А»-ның «Б»-дан басым екенін білдіреді. Біздің ішіміздегі еш нәрсе ақыл ойдан басым емес. Аугустин: «Сыртымыздан ақыл-ойдан жоғары тұратын дүниені тапсақ, оны Құдай деп атауымыз керек пе?» – деген сұрақ қояды Аугустин. Құдай болу үшін адам санасынан жоғары болу жеткіліксіз, – деп жауап береді Евод. Еш нәрсе Құдайдан басым бола алмайды.

Сандар жайлы білім мен құндылықтар туралы түсінік – адам ақылындағы ең жоғарғы ұғымдар. Арифметиканың мызғымас ақиқаты – тұрақты, адамзат сияқты қорғансыз емес және жеке сезімдерге қарағанда барлық білімді адамдар үшін жалпы болып келеді. Жеті мен үштің қосындысы он екені қай дәуірде де өзгермейді және бұл кез келген адамға анық. Біздің арифметикалық біліміміз санау тәжірибесінен пайда болмаған, керісінше, қосу және алу ережелерін біреудің қате жібергенін көрсету үшін қолданамыз. Сондай-ақ шексіз сандар қатарына, өзіміз ойлап көрмеген немесе тәжірибемізде кездеспеген сандарға қатысты қолданылатын ережелердің одан да көп екенін білеміз.

Арифметикалық ақиқат сияқты, барлық адамдарға ортақ этикалық ақиқат бар. Даналық – жоғарғы игілік туралы білім. Әрбір адам бақытты болуды қалайды. Даналық бақыттың орнын баса алмайтындықтан, әрбір адам дана болуды да армандайды. Адамдар жоғарғы игіліктің табиғаты жайлы ортақ пікірге келе алмаса да, «әділ өмір сүру», «жақсының жаманнан жоғары екені», «әрбір адам өзіне лайықтысын алу керек» екені туралы пайымдармен келіседі. Аугустиннің айтуынша, бұлар – әрбір ақыл-ойдың ізденуіне мүмкіндік беретін «ізгіліктің тұрақты әрі шынайы ережелері мен бағыттары». Арифметика мен даналықты ұштастыратын не? Әрі-беріден соң кейбір математиктер ақылсыз, ал кейбір данышпандардың математикадан хабары жоқ. Аугустин бұл сұраққа таңқаларлық жауап қайырады.

«Сандармен салыстырғанда даналықты төмен деуден аулақпын. Екеуі де бір нәрсе, бірақ даналықты оңайшылықпен көре алмайсыз. Оттың жарығы мен жылуынан олардың «біртұтастығын» көруге болады. Олар бірінен-бірі ажыратылмайды. Дегенмен, жылу отқа жақын тұрған нәрселерге жетсе, оттың жарығы алысқа да түседі. Даналыққа жеткен ақылдың қуаты рационалды жан секілді өзіне жақын нәрселерге әсерін тигізеді. Денелер сияқты алысырақ



орналасқан заттарға даналық өз жылуының әсерін тигізбейді, бірақ оларға сандардың жарығын түсіреді», – дейді Аугустин.

Арифметика мен даналық біртұтас өзгермейтін ақиқаттан тұратын өзгермейтін ақиқат болып табылады. Бұл ақиқат – бір ғана адамға тән нәрсе емес, ол бәріне ортақ игілік. Ақиқат біздің ақылымыздан жоғары ма, тең дәрежеде ме, әлде төмен бе? Ол біздің ақылымыздан төмен болса, «мына қабырға тиісті деңгейде ақ емес немесе қорап тиісті деңгейде төртбұрышты емес» деп, оны бағалауға көшер едік. Ақылымыз ақиқатпен тең дәрежеде болса, мәселен, тиісті деңгейден аз түсінеміз деп, оны дәл алдыңғы жағдайдағыдай бағалар едік. Бірақ ізгілік ережелерін немесе арифметикалық ережелер туралы пікірді шығара алмаймыз. Уақытша дүниеден мәңгі дүниенің басым және жеті мен үштің қосындысы он болатынын айтамыз, алайда бұл осылай болуы тиіс екенін айтпаймыз. Сондықтан өзгермейтін ақиқат біздің ақылымыздан төмен емес және оған тең дәрежеде емес, анығында: ақиқат ақылдан жоғары және ол сананы бағалау үшін қолданатын стандарттарды бекітеді. Осылайша, адам ақыл-ойынан жоғары тұратын дүниені таптық. Ол Құдай ма? Егер одан жоғары тұрған дүние болмаса, ол – Құдай. Ақиқаттан жоғары дүние бар болса, бұл да – Құдай. Егер ақиқаттан жоғары дүние болмаса, онда ақиқаттың өзі – Құдай. Осындай Жоғарғы мақсат бар ма жоқ па, біз Құдайдың бар екенімен келісуіміз қажет. Осылайша, біз өзіміздің Құдайға деген алғашқы сенімімізді оның бар екені туралы білімге айналдырдық.

Философия Құдайдың табиғаты туралы бізге көбірек мәлімет бере ала ма? Аугустин: «Біздің Құдай туралы біле алатын мәліметтеріміздің ішіндегі ең маңыздысы – оның қарапайымдылығы», – дейді. Ол «Құдай қаласы» еңбегінде «қарапайым» сөзінің мағынасын былайша түсіндіреді. «Егер табиғаттың жоғалта алатын нәрсесі болмаса және оның өзі мен оның иелігіндегі заттар арасында айырмашылық болмаса, ол қарапайым болып есептеледі. Мәселен, ыдыста – сұйықтық, денеде – түс, атмосферада – жарық пен жылу, ал адам жанында – даналық бар. Ыдыс пен сұйықтық, дене мен түс, атмосфера және оның жылуы мен жарығы пара-пар емес, жан болса даналықпен тең емес. Осындай заттар өзінде барды жоғалта алады, басқа қасиеттер мен сипаттарды жинау арқылы өзгереді: ыдысты сұйықтықтан босатуға болады, дене түсін жоғалта алады, атмосфера қараңғы және суық бола алады, ал жан санасыз болуы мүмкін».

Құдайдың мәні оның қасиеттерімен бірдей, ал оның маңызды қасиеттерінің бірі – ізгілік. Құдай өзі жаратқан мақұлықтарға тіршілік бергенде, оларға ізгілікті қоса берді. Оның жаратқандарының барлығы табиғатынан, болмысынан жақсы. Алайда жамандық қайдан келеді? Аугустин жас кезінде Манихей дінінің ғаламды біріне-бірі қарсы – жақсы және зұлым, екі күш билейді деген қағидасын ұстанған. Христиан дінін қабылдаған соң, ол зұлымдық қағидасынан бас тартты, бірақ бұл оның зұлымдықтың себепшісі – ізгі Құдай дегенге сенгенінен емес. Зұлымдық – жақсылықтың жетіспеуі ғана, ол позитивті ақиқат емес және себеп-салдарлық қағидатқа сүйенбейді. Тірі жандағы кез келген зұлымдық – жақсылықты, яғни тұтастық, әсемдік, денсаулық пен ізгілікті жоғалтудың белгісі.

Адам Атаның күнәһар атануына дейін адам бостандығының шегі болмады. Бұл – Адам Атаның күнәсінің ауырлығының бірден-бір себебі. Адам Ата күнә жасағанда, оның күнәсі өлім мен ауру-сырқауға, тұтас адам ұрпағының моральдық азғындауына жол ашты. Бізге, Адам Ата ұрпақтарына, тек өлім ғана емес, күнәһарлық та мирас болып қалды. Алғашқы күнә арқылы бүлінген адам баласы ешбір көмексіз жақсы өмір сүру еркіндігіне ие бола алмайды: әрбір азғындыққа қарсы тұра аламыз, бірақ қарсылығымыз ұзаққа созыла алмайды. Бізге Құдайдың мейірімі тек жұмаққа кіру үшін ғана емес, жалғасып жатқан күнәһар өмірден бас тарту үшін қажет.

Адамдарға күнәдан аулақ болуға мүмкіндік беретін игілік олардың нақты немесе шынайы еңбегіне қарай бір адамға беріледі және басқаларға берілмейтіндігінде емес. Ол тек Құдайдың тылсым, ізгі ниетімен сыйға тартылады. Ешбір адамның тағдыры алдын ала анықталмай тұрып, ол күнәдан қашып құтыла алмайды. Құдай ізгілікке бөленгендердің және міндетті түрде күнәға душар болатындардың таңдауын олар дүниеге келмес бұрын, яғни жақсы мен жаман әрекеттерін жасамас бұрын жазмышқа түсіріп қойған.

Адам ізгілігі мен Құдай жазмышының арасындағы байланыс Аугустинді өмірінің соңғы жылдарында жиі мазалаған тақырып болды. Алдымен Римге келіп, кейін Африкаға қудаланған



британдық тақуа Пелагий адам бостандығын Аугустинге қарағанда өзгеше, тіпті қарсы тұрғыдан уағыздады. Пелагий алғашқы күнәні Адам Ата жасаған алғашқы жаман үлгі болған мағынасында ғана мойындайды. Бірақ, ол Адам Ата ұрпақтарына өтетін күнәнің шынайы күшін жоққа шығарды. Күнәні табиғатынан бөліп қарап, одан тек бірегей еріктің саналы актісін ғана көріп, Пелагий оны өлімнің себебі ретінде қабылдай алмады.

Аугустин 418 жылғы Карфагендегі кеңесте Пелагийдің сынынан аман қалды, бірақ мәселе мұнымен біткен жоқ. Африка мен Франциядағы монастырьлердің шынайы берілген аскеттері: «Аугустиннің еркіндік туралы ойы дұрыс болса, оның ілімі мен сыни пікірлері нәтижесіз, ал барлық монастырьлік оқу мағынасыз болғаны», – деп шағым жасады. Аббаттық күнәға душар болған монахты не үшін әшкерелеуі керек? Монахтың жазмышына жақсы болу жазылған болса, Құдай солай жасар еді. Олай болмаса, аббат не десе де, монах күнәсін жалғастырар еді. Аугустин жауабында сенімнің тек алғашқы лебі болып саналатын христиандыққа шақыратын алғашқы насихат таза ізгіліктің мәні екеніне нық сенім білдірді. Ол өлімге барар жолда адал христиандықтың ізгіліктен таймай өмір сүруі де таза ізгіліктің мәні екенін айтты.

Аугустиннің адам еркіндігі мен Құдайдың құдіретімен жарастыру барысында тап болған мәселесі, адам жазмыш доктринасын мүлде сызып тастаса ғана шешіледі. Бірақ Құдайдың білмейтіні жоқ дегенге сенетіндердің барлығы алдын ала болжау мәселесімен бетпе-бет келеді. Бұл мәселе Құдайдың адамдардың ізгі әрекет жасауы арқылы азаптан құтқарылуын қалауына ғана қатысты емес, Құдайдың адам нені қалап, нені қаламайтынын білетініне байланысты. Осы мәселе Боэцийдің «Философиядан жұбаныш табу» еңбегінің бесінші кітабында нақты әрі толық талқыланды. Бұл еңбек «Құдайдың көрегендігі арқылы басқарылатын әлемде сәттілік пен кездейсоқтық сияқты нәрселерге орын бар ма?» деген сұрақтың жауабын іздейді. Философия ханымы: «Егер кездейсоқтық деп ешбір себептер тізбегі жоқ тұрақсыз әрекеттердің нәтижесінде туындаған оқиғаны айтсақ, онда кездейсоқтық деген нәрсенің болмағаны», – дейді. Аристотель кездейсоқтықты себептердің сай келуінің күтпеген әсері деп анықтайтын мүмкіндіктің жалғыз ғана түрі бар дейді. Олай болса, Боэций: «Себеп-салдар байланысы адам таңдауына ерік бере ме, әлде тағдыр тізбегі тіпті біздің санамыздың әрекеттерін де байлап тастай ма?» – деп сұрау салады. Бар мәселе осында. Құдай барлығын алдын ала болжаса және қателеспесе, оның болжамы міндетті түрде қажеттілік бойынша орындалуы керек. Біздің іс-әрекетіміз бен қалауларымыз Құдайдың сәуегейлігінен басқа барлық нәрсе болса, онда бұл Құдайдың қателескені болуы мүмкін. Тіпті барлығы Құдайдың көрегендігіне сай орындалса, оның көрегендігі шынайы білім емес, жай ғана болжам болғаны.

Боэций білім өздігінен белгілі нәрсеге себеп бола алмайтыны туралы көзқарасты құптайды. Сен менің отырғанымды біле алуың мүмкін, бірақ менің отырғаным сенің біліміңе себеп болғанымен, сенің білімің менің отырғанымға себеп бола алмайды. Дегенмен қажеттілік дегеніміз себептіліктен ауытқу. «Сен менің отырғанымды білсең, онда менің отырғаным – қажетті шындық». Дәл осылайша «Құдай менің күнә жасайтынымды білсе, онда мен күнә жасаймын» деген де – қажетті шындық. Әрине, бұл шындық еркін ықыласты және мадақтау мен жаза үшін жасалған адам әрекеттерінің негіздемелерін жою үшін жеткілікті. Алайда мен үшін күнә жасамау мүмкіндігі болса, ал Құдай мені міндетті түрде күнә жасайды деп ойласа, бұл оның қателескені десек, мұның барлығы Құдайға тіл тигізу емес пе?!

Философия ханымы: «Толықтай еркін әрекетті ешқашан да алдын ала дәл болжай алмаймыз», – дейді. Алайда дәл қазіргі уақыт аралығында болып жатқан оқиғаны еш күмәнсіз бақылай аламыз. Құдайдың біздің болашақ әрекетіміз туралы білгені – біздің басқалардың белгілі бір уақыт аралығындағы әрекеті туралы білгеніміз тәрізді. Ол уақыттан тыс және оның көргені, расында, көрегендік емес.

Құдайдың уақыттан тыс екенін түсіндіргенде, Боэцийдің мәңгілік ұғымына берген анықтамасы шіркеу тарапынан қолдау тапты. Ол: «Мәңгілік дегеніміз – барлық затты және шексіз өмірді толық әрі сөзсіз иелену», – деді. Боэцийдің бостандық, көрегендік және мәңгілік ұғымдарына берген анықтамалары орта ғасырдағы классикалық көзқарасқа айналды.

Скот Эриугена екі ғасырдан кейін Аугустин көтерген тағдыр мәселесіне оралды, бірақ ол философиялық теологияға Құдай жайындағы тілдің қолданысы туралы шектеулі ғана пікірімен үлес қосты. Құдай Аристотель ұсынған категориялардың ешқайсысында жоқ. Осылайша, оны жоққа шығаратын білім негативті («апофатикалық») теология деп аталады. Сонымен қатар,



Құдай – күллі дүниеде барлық заттың себепкері және барлығын Құдай арқылы дәлелдеуге болады. Мысалы, Құдай – жақсылық, шапағат және т.б. деп айта аламыз. Бұл – позитивті («катафатикалық») теология. Бірақ Құдайға қатысты ұғым-терминдердің барлығын бұрыс немесе ауыспалы мағынада қолданамыз. Құдайды «жақсы» және «әділ» сөздерімен қатар «тас» немесе «арыстан» сөздерімен де сипаттауға болады. Бұл қателігімізді осы анықтауыштарға қарсы мәндес сөздерді қолданғанда байқай аламыз. Алайда Құдайдың қарама-қарсысы жоқ. Позитивті теология метафорлық түсініктерге сүйенгендіктен, тура мағынада ақиқатты сипаттайтын негативті теологияға қарсы ілім болмайды.

Эриугенаның айтуынша, Аристотельдің Құдайды жоққа шығарған категорияларының ішінде әрекет және құштарлық категориялары бар. Құдай іс-әрекет жасамайды және оған қатысты іс-әрекет те жасалмайды. Бұл тек ауыспалы мағынада болуы мүмкін. Ол қозғалмайды не оны ешкім қозғалта алмайды. Ол жақсы көрмейді және өзін біреудің жақсы көруіне жол бермейді. Інжілде Құдай сүйеді және оны да басқалар сүйе алады деп жазылған, бірақ бұл тұжырым ақыл-ойдың елегінен өткізілуі керек. Ақыл-ой биліктен жоғары, билік ақыл-ойдан пайда болады. Бұл керісінше бола алмайды. Ақыл биліктің ешбір дәлелін қажет етпейді. Ақыл-ой Інжілде зат есімдер мен етістіктердің тура мағынасында қолданылмағанын айтады. Бірақ, Інжілде біздің баланың деңгейіндегі ақылымызға түсінікті болу үшін метафоралар мен аллегориялар қолданылған.

Біздің Құдай туралы біліміміз қандай болса да, теологияның метафоралық ұрандары мен Құдайды белгілі бір адамдарға, мәселен, пайғамбарларға көрінуін білдіретін «теофаниядан» бастау алады. Құдайдың мәні адам мен періштелерге беймәлім. Ол тек Құдайдың өзіне мәлім. Ол өзінің не екенін білген болса, өзіне анықтама берер еді, бірақ шексіз нәрсе өзін анықтай алмайды. Құдайдың өзінің не екенін білмейтінін айту оны әшкерелегенге жатпайды. Себебі ол тіпті «не» де емес.

Құдай мен оның мақұлықтарының арақатынасын сипаттауда Эриугена пантеизм формасы ретінде оңай түсіндіруге болатын тілді қолданды. Үш жарым ғасырдан кейін Папа оның тілін қатаң сынға алды. Құдай өзі жаратқан мақұлықтарында, жасаған заттарында және тіршілігін бастаған заттарда бар болуы мүмкін. Біздің зердеміз шынайы ойлаған кезде өмір сүргендей, Құдай да мақұлықтарға өмір сыйлаған кезде шынайы өмір сүреді. Эриугена мұндай тұжырымдар христиан дәстүріне сәйкес келмейді дегендерге – Құдай туралы айтылған барлық жақсы тұжырымдар сияқты, бұлардың барлығы метафора екені күмәнсіз екенін айтады. Ал осы уақытта ислам әлемінде натурфилософия қарқынды түрде дамып жатты. Эриугенаның замандасы әл-Кинди Құдайдың бар екеніне біз өмір сүріп жатқан әлемнің шектеулі табиғатына негізделген, жүйелі әрі нақты дәлелдер ұсынды. Ол «Бірінші философия» еңбегінде ғаламшар уақыт аралығында шектеулі деп дәлелдейді.

Уақыт саналады және шындығында шексіз сан болуы мүмкін емес. Егер уақыт шексіз болса, алдыңғы уақыттың шексіз мөлшері қазіргі уақытқа өтуі керек еді. Бірақ шексіз сан жоққа шығарыла алмайды, ал егер уақыт шексіз болса, ешқашан осы шаққа келмес едік және бұл да – абсурд. Уақыт шектеулі болса, бүкіл әлем уақытсыз тіршілік ете алмайтындықтан, әлемнің бастауы болу керек еді. Бірақ әлемнің бастауы болса, оның өзінен басқа себебі болу керек еді. Ол әл-Кинди «жалғыз ақиқат» деп атаған бүкіл әлемдегі көптіктің себебі болса керек. Оның пайымдауынша, бұл – бүкіл әлемнің бастауының және барлық жаратылыстың біртұтас жүйе болуының себебі. Сондықтан жалғыз ақиқат – жаратылыстың барлығын уысында ұстап тұрған Бірінші Жаратушы. Ал одан шығып кеткен кез келген зат жойылады немесе өзіне қайта оралады.

«Әлем уақыт кеңістігінен жаратылған» деген дәйекке барлық мұсылман философтары келісе қоймады. Ибн Сина Құдай бар затты қажеттілікке байланысты жаратты деп есептеді: ол – абсолютті жақсылық, ал жақсылықтың жаратылысы ерекше және ол сыртқа нұр шашып тұрады. Бірақ Құдай сөзсіз жаратушы болса, оның жаратқаны да өзі сияқты мәңгі болу керек. Дегенмен материалды әлемнің Құдай сияқты бастауы болса, оған бәрібір Құдай себепкер болды. Материалдық дүниені Құдай жаратады, дегенмен, ол Құдайдан тікелей туындамайды, бірақ ақыл-ойдың біртіндеп сәулеленуі арқылы оныншы ақыл-ойында шарықтау шегіне жетіп, материяның және форманың жаратушысы болады. Осылайша, Энтони Кенни еңбегінің тоғызыншы тарауында қарастырылған Аугустин, Боэций, Эриугена, әл-Кинди және ибн Сина



философиясындағы теологиялық мәселелерді талдауымызды аяқтадық. Келесі дәрісімізде өзге де Орта ғасыр философтарының іліміндегі теологиялық мәселелер тақырыбын әрі қарай жалғастырамыз.

Тақырыпты бекітуге арналған сұрақтар

1. Аугустин «Бізді Құдай жаратқанын қайдан білеміз?» деген сұраққа қалай жауап береді?
2. Аугустиннің пайымдауындағы адамның ақыл-ойының ең жоғарғы ұғымдары?
3. Аугустин арифметика мен даналыққа қандай салыстырмалы сипаттама жасайды?
4. Құдайдың көрегендігі мен адам ізгілігі арасындағы байланыс қандай?
5. Боэций Құдайдың жазмышын қалай түсіндіреді?
6. Эриугенаның апофатикалық және катафатикалық теологиясы арасындағы айырмашылық неде?
7. Өзінің табиғи теологиясында әл-Кинди Құдайдың бар екенін қалай дәлелдейді?
8. Ибн Синаның Құдай туралы ілімінің мәні неде?

Әдебиет

1. Anthony Kenny. Medieval Philosophy: A New History of Western Philosophy, Volume 2. – Oxford University Press. – 2014. – 352 p.
2. Кенни Э. Батыс философиясының жаңа тарихы, 2 том, Орта ғасыр философиясы. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018. – 400 б.
3. Рассел Б. История западной философии. В двух книгах. Книга 1. – М.: Миф, 1993. – 512 с.
4. Соколов В.В. Средневековая философия. – М.: Высш. школа, 1979. – 448 с.